

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 сәуір N 366

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1997 жылғы 2 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен

Өзбекстан Республикасы Үкіметінің

арасындағы темір жол көлігінің

саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 67-құжат)

(1998 жылғы 7 мамырда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 72 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі бұдан былай "Келісуші Жақтар",

екі мемлекет арасында және олардың аумағы арқылы үшінші елдерге темір жол көлігімен халықаралық жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың маңыздылығына көңіл аудара отырып,

темір жол көлігі саласында тең құқылы және өзаралық пайда көру негізінде, жолаушылар мен жүк тасымалдау процестерін қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастықты дамытуға ынталылықты білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Келісуші Жақтар екі мемлекеттің арасында және олардың аумағында транзитпен темір жол көлігі арқылы жолаушылар мен жүк тасымалын кедергісіз жүзеге асыруға, жүктерді тиіп-түсіруге, қозғалыс қауіпсіздігі мен жүк сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қолданылып жүрген нормативтік актілерге және Келісуші Жақтардың мемлекеттеріндегі заңдарға сай мемлекеттік шекаралар мен кеден процедураларын өтуге жан-жақты көмектесуге міндеттенеді.

2. Келісуші Жақтар екінші Келісуші Жақтың экспорт-импортты транзиттік операциялары үшін өзінің шекаралық стансаларын кедергісіз ұсынуға келіседі.

2-бап

Келісуші Жақтар темір жол көлігінің қызметіне байланысты мәселелерді үйлестіру үшін құзырлы органдарды тағайындайды:

Қазақстан Республикасында "Қазақстан темір жолы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны немесе онымен өкілеттенген басқа орган, Өзбекстан Республикасында - "Өзбекстан темір йуллари" Мемлекеттік-акционерлік темір жол компаниясы немесе онымен өкілеттенген басқа орган.

3-бап

1. Келісуші Жақтар мемлекеттерінің аумағы бойынша, сондай-ақ үшінші елдерден немесе үшінші елдерге транзитпен темір жол көлігімен жолаушылар мен жүк тасымалын ұйымдастыру кезінде Келісуші Жақтар өздері мүше болып табылатын халықаралық келісімдерді, екі мемлекеттің ұлттық заңдарын ескере отырып, ал қажет болған жағдайда дербес келісімдер жасай отырып, өз әрекеттерін үйлестіреді.

2. Келісуші Жақтар темір жол көлігі саласында екінші Келісуші Жақтың мүддесін қозғайтын басқа мемлекеттермен келісім жасасқан жағдайда, оны бұл жөнінде хабардар етеді.

4-бап

1. Қазақстан Республикасының аумағынан Өзбекстан Республикасына және Өзбекстан Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағына темір жолы транзитімен тасымалдау тәртібі қатысушылары Келісуші Жақтар болып табылатын халықаралық келісімдермен анықталады.

2. Халықаралық жолаушы және жүктерді тасымалдау және қызмет көрсету есептеу тәртібі Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының арасында жасалған келісімдермен анықталады.

3. Тасымалдауға байланысты мәселелерді жедел шешу үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдары екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында өзінің өкілдерін ашуы мүмкін.

5-бап

Келісуші Жақтар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының темір жолдарының арасында қалыптасқан ақпараттық өзара әрекеттесуді сақтайды және бұдан әрі дамытуға ықпал ететін болады. Қажет болған жағдайда өзгерістер құзырлы органдардың өзара уағдаласуы бойынша жүргізілетін болады.

6-бап

Келісуші Жақтар екінші мемлекеттің аумағында темір жол персоналдарының өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде, ал кенет сырқаттанған немесе жарақат алған кезде жедел дәрігерлік көмек көрсетуге міндеттенеді.

7-бап

Бір Келісуші Жақтың құзырлы органдары өз айыбынан екінші Келісуші Жақтың темір жол көлігіне келтірген материалдық шығыны үшін қолданылып жүрген нормативтік актілерге және Келісуші Жақтардың мемлекеттеріндегі заңдарға сай материалдық жауапкершілікке тартылады.

8-бап

Келісуші Жақтар жолаушы және жүк тасымалдарын ұйымдастыруға екіжақты келісім жасауға, қозғалмалы құрамның өзара тапсырыстарын, техниканы, жабдықтарды, олардың қосалқы бөлшектерін, темір жол көлігінің қажеті үшін материалдық ресурстарды, қозғалмалы құрамды

жөндеуге, темір жол көлігінің қызметін үйлестіретін жабдықтар мен техниканы өзінің құзырлы органдарына тапсырады.

9-бап

Келісуші Жақтар экономикалық бағалау мен өзара мүддені есептеуге, әзірлік тәртібін анықтау мен тасымал жұмысы параметрлерінің технологиясын бекітуге құзырлы органдарына құқық береді.

10-бап

Келісуші Жақтар темір жол көлігінде ғылыми-техникалық саясат саласында дайындалған немесе қабылданған шешімдерді бір-біріне хабарлайтын болады.

11-бап

Келісуші Жақтар темір жол көлігі мамандарын дайындау мәселесі мен екі мемлекеттің аумағында тең құқылы және ресмилендіруді талап етпейтін әрбір Келісуші Жақпен берілетін білікті құжаттарды тануда ынтымақтасатын болады.

12-бап

1. Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануда туындаған даулы

мәселелер Келісуші Жақтардың тікелей келіссөздер және кеңесулер жүргізу жолымен шешілетін болады.

2. Осы Келісімнің өзгерістер мен толықтырулар Келісуші Жақтардың өзара қабылданған келісімдері бойынша және Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы хаттамасымен ресімделеді.

13-бап

Осы Келісім осыған қатысты мемлекет ішінің процедуралары орындалғаны туралы Келісуші Жақтардың соңғы мәлімделген күнінен бастап күшіне енеді және оның күшін тоқтату жөнінде Келісуші Жақтардың бірінің жазбаша мәлімдемесінен бастап алты ай өткенге дейін әсер ететін болады.

1997 жылғы 2 маусымда Алматы қаласында екі данада, қазақ, өзбек және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей болып жасалды.

Мәтін әрқалай түсіндірілген жағдайда, негіз ретінде орыс тіліндегі мәтін қабылданады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін